

# Қазақстанның электр желісін жаңғырту жобасы: «Оңтүстік» тарату желісі

Ораналасқан жері: Қазақстан  
Жоба нөмірі: 56409  
Сала: Энергетика  
Мемлекеттік / жеке: Жеке  
Экологиялық санаты:  
Мақұлдау күні: 2025 жылғы 3 желтоқсан  
Мәртебесі: мақұлданды  
Ағылшын тілінде жарияланған күні: 2025 жылғы 16 қазан

## Жоба

### сипаттамасы

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС («ОЖТ» немесе «Компания») 2025–2029 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасын қаржыландыруға арналған бірінші транш несиесі.

Жоба төмен және орта кернеулі электр беру және тарату желілерін, қосалқы станцияларды және басқа да қосалқы инфрақұрылымды жаңғыртуды қамтиды. Бұл тозған активтер мәселесін шешуге, электр энергиясының шығындарын азайтуға және өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыруға бағытталған.

## Жоба мақсаттары

Жобаның негізгі мақсаты – Түркістан облысында «ОЖТ» компаниясының электр энергиясын беру және тарату инфрақұрылымын жаңғырту арқылы электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысты қамтамасыз ету және желідегі шығындарды азайту.

## Өтпелі процеске әсері

ETI көрсеткіші: 61

Жоба келесі бағыттар арқылы өтпелі процеске оң әсер етеді: электр энергиясының шығындарын азайту; парниктік газдар шығарындыларын қысқарту; ақылды есептегіштерді енгізу; электр тарату инфрақұрылымын жаңғырту; энергетика секторында әйелдердің жұмыспен қамтылуын арттыру және гендерлік теңдікті дамыту.

## Клиент Туралы Ақпарат

«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС.

Компания Түркістан облысындағы ірі жеке аймақтық электр тарату компаниясы.

Компания:

- 23 885 км электр беру желілерін (0,4–110 кВ) пайдаланады
- өңірдегі электр энергиясын берудің 70,2% қамтамасыз етеді
- жергілікті тұтынушыларға электр энергиясын 100% таратады
- Компания Қазақстан коммуналдық жүйелері АҚ-на (KUS, рейтинг ВВ-) тиесілі.

KUS (ВВ-) – Қазақстандағы жеке, тігінен интеграцияланған энергетикалық холдинг, ол электр энергиясы мен жылуды өндіруден бастап, оларды соңғы тұтынушыларға дейін жеткізуге дейінгі бүкіл өндірістік тізбекті қамтиды.

## ЕҚДБ қаржыландыруы туралы ақпарат

78 000 000 000,00 KZT

## Жобаның жалпы құны

KZT 78,000,000,000.00

## Қосымша

ЕҚДБ коммерциялық көздер арқылы нарықта қолжетімсіз қаржыландыруды қолайлы шарттармен ұсынады. Сондай-ақ Банк «ОЖТ» компаниясына экологиялық және әлеуметтік стандарттарды жоғары деңгейге жеткізуге қолдау көрсетеді (мысалы, ESAP).

## Экологиялық және әлеуметтік түйіндеме

В санаты (ESP 2024).

Инвестициялық бағдарлама шеңберінде ақылды есептегіштерді орнатуға, 0,4–10 кВ электр желілерін реконструкциялауға, өткізгіштерді жоғары температураға төзімді сымдарға ауыстыруға және қосалқы станцияларды жаңғыртуға байланысты экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер нысанға тән сипатқа ие және Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын (ESAP) іске асыру арқылы тиісті түрде бағаланып, басқарылуы мүмкін.

Жоба және оған ілеспе инфрақұрылым құзыретті мемлекеттік органдар тарапынан қаралып, ұлттық заңнама талаптарына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау (EIA) жүргізу қажеттілігінің жоқтығы расталды.

Қазіргі уақытта Банктің тапсырмасы бойынша тартылған тәуелсіз консультант тарапынан экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру (ESDD) жүргізілуде. Тексеру негізгі экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді, оның ішінде клиенттің басқару әлеуетін, әсерді бағалау және мониторинг жүйелерін, сондай-ақ жалпы экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштерді қамтиды. Сонымен қатар, тексеру клиенттің Экологиялық және әлеуметтік басқару жүйесінің (ESMS) және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тетіктерінің жеткіліктілігін, ашықтықты, адалдықты және жоба әсеріне ұшырауы мүмкін жұмыскерлер мен жергілікті қауымдастықтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету тұрғысынан бағалауды қамтиды.

Негізгі мәселелер қатарына ақылды есептегіштерді енгізудің еңбек ресурстарына ықпалын басқару, цифрлық есептегіштердің сапасын және есеп айырысудың дәлдігін қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды және шағымдарды қарау тетіктерін күшейту жатады. Жұмыспен қамтуға ықпал ету мәселелері Банктің 2024 жылғы Экологиялық және әлеуметтік

саясатының талаптарына сәйкес ресурстарды уақтылы бөлу және қысқартуларды жоспарлау арқылы реттелетін болады.

Жобаға мүдделі тараптарды тарту жоспары (SEP) және техникалық емес қысқаша мазмұн (NTS) ЕДҚБ-дың ESR 10 «Мүдделі тараптарды тарту» талаптарына сәйкес әзірленіп, ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде тиісті түрде жарияланатын болады. Жергілікті қауымдастықтармен және тұтынушылармен ерте кезеңдегі өзара іс-қимыл клиент тарапынан өңірлік өкілдіктер арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, қоғаммен байланыс жөніндегі арнайы лауазымды тұлға (Community Liaison Officer, CLO) тағайындалды, ол Жобаның бүкіл өмірлік циклі барысында қоғамдық коммуникацияларды, консультациялар өткізуді және сыртқы шағымдарды қарау тетіктерін қоса алғанда, SEP-ті іске асыруды қадағалайтын болады. Экологиялық және әлеуметтік іс-шаралар жоспарын (ESAP) Банктің Директорлар кеңесінің қарауына дейін келісу жоспарланып отыр.

## Экологиялық «жасыл» бағалау

### Париж келісіміне сәйкестік

Жоба ЕДҚБ-ның тікелей қаржыландырылатын инвестициялар үшін қолданылатын Париж келісіміне сәйкестікті бағалау тәсілі негізінде Париж келісімінің шығарындыларды азайту және бейімделу мақсаттарына сәйкес деп танылды.

Жоба шығарындыларды азайту мақсаттарына сәйкес келеді, себебі ол көпжақты даму банктерінің (MDB) келісілген тізіміндегі «Электр энергиясын беру және тарату, соның ішінде энергияға қолжетімділік, энергияны сақтау және сұранысты басқару» санатына жатады.

Жоба Париж келісімінің бейімделу мақсаттарына да сәйкес келеді, өйткені MDB бейімделуді бағалау әдіснамасының үш кезеңінен өткен. Скрининг барысында климатқа байланысты ықтимал физикалық тәуекелдер, соның ішінде экстремалды ыстық, су тасқыны және орман өрттері анықталды. Бұл тәуекелдер кешенді тексеру барысында бағаланып, жобалау кезінде тиісті тұрақтылық шаралары енгізілді. Жоба өзі жұмыс істейтін энергетикалық жүйенің климаттық тұрақтылығына теріс әсер етпейді.

### Жасыл қаржыландыруға жатқызу

ЕДҚБ қаржыландыруының 100%-ы жасыл қаржыландыру ретінде жіктеледі, өйткені жоба климаттың өзгеруін азайтуға бағытталған іс-шараларды қолдайды. Бұл жіктеу ЕДҚБ инвестицияларын жасыл қаржыландыруға жатқызу әдіснамасына және «энергетикалық жүйелер тұтынушыларының энергия тұтынуын азайтуға немесе жаңартылатын энергия көздерін кеңінен пайдалануға ықпал ететін іс-шаралар» бойынша нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

## Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Осы жоба шеңберінде келесі техникалық ынтымақтастық («ТС») тапсырмалары жүзеге асырылуда:

- Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру (Environmental and Social Due Diligence) – жобаның ЕДҚБ-ның Экологиялық және әлеуметтік саясатына (ESP) және Іске асыру талаптарына (PRs) сәйкестігін бағалау мақсатында тәуелсіз консультанттар тарапынан жүргізіледі. Осы тапсырмаға бөлінген жалпы сома 50 000 еуроны құрайды және ЕДҚБ Акционерлерінің арнайы қоры (Shareholder Special Fund – SSF) есебінен қаржыландырылады.
- Техникалық кешенді тексеру (Technical Due Diligence) – жобаның техникалық іске асырылу мүмкіндігін, экономикалық тиімділігін және іске асыруға дайындық деңгейін бағалау мақсатында тәуелсіз сарапшылар тарапынан жүргізіледі. Осы тапсырмаға бөлінген жалпы сома 75 000 еуроны құрайды және ЕДҚБ Акционерлерінің арнайы қоры (SSF) есебінен қаржыландырылады.

## Компанияның байланыс ақпараты

Нилуфар Расулматова [n.rassulmatova@kus.kz](mailto:n.rassulmatova@kus.kz)

## **Жоба түйіндемесінің соңғы жаңартылған күні**

14 қараша 2025

### **Өтпелі кезеңді түсіну**

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: [projectenquiries@ebrd.com](mailto:projectenquiries@ebrd.com) бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email: [projectenquiries@ebrd.com](mailto:projectenquiries@ebrd.com); [procurement@ebrd.com](mailto:procurement@ebrd.com)

### **Жалпы сұраныстар**

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

### **Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭЭС)**

ЭЭС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭЭС пен IAT-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді. ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭЭС-та баяндалған.

### **Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану**

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын көпілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас

жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына [compliance@ebrd.com](mailto:compliance@ebrd.com) электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

## **Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)**

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар. Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

## **Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)**

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге тапшыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді; Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа қолжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның вебсайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін IPAM-ға [ipam@ebrd.com](mailto:ipam@ebrd.com) электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.